

Ж.Т. Абдуллаева

**ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУШЫЛАРДЫ ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ
ОРТАҒА БЕЙІМДЕУ**

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

ӘОЖ 378
ҚБЖ 74.58
A14

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған.

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының кандидаты, доцент **Т.Қ. Зайсанбаев**
оқытушы, аға тьютор **Б.Н. Канленова**

тәрбие жұмысы және тіл саясатын ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің жетекші маманы **С.С. Жандыбаева**

Абдуллаева Ж.Т.

Шетелдік тыңдаушыларды жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу: әдістемелік нұсқау. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 30 б.

ISBN 978-601-04-0397-0

Әдістемелік нұсқауда шетелдік тыңдаушыларды жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу ерекшеліктері, тәрбие жұмысы шеңберінде жүргізілетін шетелден келген тыңдаушыларға арналған бейімдеу іс-шаралар кешені көрініс тапқан. Шетелден келген тыңдаушылармен жұмыс істейтін оқытушыларға, куратор-эдвайзерлерге тыңдаушыларды жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу бойынша ұсыныстар мен нұсқаулар берілген.

Әдістемелік нұсқау әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті педагогтарының тәжірибесі бойынша дайындалған.

ӘОЖ 378
ҚБЖ 74.58

ISBN 978-601-04-0397-0

Абдуллаева Ж.Т., 2014

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2014

АЛҒЫ СӨЗ

Жоғары оқу орнына түсуде жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу білім беру үдерісінің тиімділігін анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Қазіргі кезде шетелдік студенттер мен шетелден келген қазақ диаспорасы өкілдерін қазақстандық әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу мәселесі білім беру жүйесінің алдында тұрған маңызды міндеттерді құрайды.

Халықаралық білім беру байланыстары жүйесі үнемі дамушы жүйе болғандықтан, шетелдік тыңдаушыларды оқыту бойынша жинақталған тәжірибені қорыту маңызды болып табылады. Сондықтан да шетелдік тыңдаушыларды дайындаудың жалпы заңдылықтарын, жинақталған тәжірибені терең қамти отырып, олармен оқу және оқудан тыс тәрбие жұмыстарының әдістері мен формаларын бағалау қажеттігі туындап отыр.

Елімізде түрлі елдерден келген шетелдік студенттер білім алады. Олардың жоғары мектепке дайындығының табысты болуы ең алдымен оларды жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу мәселесін шешуге тікелей байланысты. Осы жұмыстың өзектілігі шетелден келген тыңдаушыларды бейімдеу мәселесінің өзектілігінен туындайды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 1996 жылғы «Шетелдерде тұратын отандастарды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы» атты Жарлығына сәйкес шетелдерде тұратын қазақ диаспорасының өкілдері өздерінің тарихи Отанына оралып, білім алуына жол ашылды. Осыған байланысты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде қазақ диаспорасы өкілдерін 2001 жылдан бастап Қазақстанның жоғары оқу орындарына оқуға түсуге даярлау қолға алынған. Осы уақыт аралығында факультетте ҚХР, Моңғолия, Түркия, Германия, Франция, Швеция, Иран және ТМД елдері: Өзбекстан, Түркіменстан, Тәжікстан, Ресей, Қырғызстан сияқты көптеген мемлекеттерден келген қазақ диаспорасы өкілдері таңдаған мамандықтары бойынша топтарға бөлініп, қазақстандық орта мектептердің бағдарламалары бойынша кешенді тестілеуден өтуге дайындалады.

Сонымен қатар, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде 2010 жылдан бастап мемлекеттік бағдарлама бойынша Ауғанстан Ислам Республикасынан келген тыңдаушылар білім алууда.

Факультетке келген шетелдік азаматтар тыңдаушы ретінде қабылданып, әлеуметтік және тілдік ортаға бейімделе бастайды. Шетелдік тыңдаушылардың оқу-тәрбие үдерісін тиімді басқару үшін олардың университет қабырғасына келгенде өздеріне дағдылы емес әлеуметтік, тілдік және ұлттық ортаға түсіп, оған бейімделуіне тура келетіндігін ескеру қажет. Бейімделу үдерісінің сәтті өтуі олардың студенттік ортаға тез кірігіп, оқу мен тәрбие үдерісін жеңілдетеді. Сондықтан да шетелден келген тыңдаушыларды оқу-тәрбие үдерісіне бейімдеу аспектілерін қарастыру, бейімдеуді жетілдіруге бағытталған әдістемелік нұсқаулар құрастыру өзекті мәселелер қатарын құрайды.

Жұмыстың негізгі мақсаты шетелден келген тыңдаушыларды (Ауған Ислам Республикасынан келген тыңдаушылар мен қазақ диаспорасы өкілдері мысалында) қазақстандық әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу тәсілдерін негізгі тәрбиелік іс-шаралар арқылы ашып көрсету.

Жұмыстың міндеттері:

- шетелдік тыңдаушыларды негізгі әлеуметтік-мәдени бейімдеу үдерісіндегі қиындықтарды анықтау;
- шетелдік тыңдаушылардың әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу ерекшеліктерін зерделеу;
- шетелдік тыңдаушыларды әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу кезеңінде тәрбие үдерісін ұйымдастыру бойынша практикалық нұсқаулар әзірлеу.

1 Шетелден келген тыңдаушыларды жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу үдерісі

Әлеуметтік-мәдени бейімдеу термині өзге орта мен өзге мәдениет өкілінің белгілі бір ортамен белсенді өзара байланыс үдерісін, өмір сүру үшін қажетті еңбек ету дағдысы мен білікке ие болу үдерісін, жаңа қоршаған ортаның негізгі нормаларын, үлгілері мен құндылықтарын игеруді білдіреді.

Әлеуметтік-психологиялық бейімдеуді шетелдік студенттің тұлғааралық қатынас жүйесіне кірігуі ретінде түсіндіруге болады, яғни бұл жерде тұлғаның топта өзара қарым-қатынас жасай білуге дағдылануын айтамыз.

Бейімдеудің педагогикалық аспектісі шетелдік студенттің өзіндік оқу және ғылыми жұмыс жасау дағдысын қалыптастыруға, оқу үдерісінің мазмұны мен талаптарына дағдылануына, оның білім алу ортасының нормалары мен ұғымдарын меңгеруіне байланысты.

Бейімдеудің педагогикалық аспектісін шетелдік студенттің бейтаныс жаңа оқу жүйесіне бейімделу және білім ауқымын меңгеру мүмкіндігін анықтайтын ерекшеліктер жиынтығы ретінде қарастырамыз. Педагогикалық бейімдеу жоғары оқу орны оқытушыларының бейімдеу үдерісінің кері салдарын жұмсартатын, жоятын, алдын алатын оқу-тәрбие жұмысының мазмұны, формалары мен әдістерін іздестіру арқылы студенттердің әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық бейімделу үдерісін жеделдету қажеттігін көздейді.

ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті Ауғанстан Ислам Республикасынан келген студенттерге білім мен тәрбие беру тәжірибесіне ие.

Ауған тыңдаушыларын оқытуда Ауғанстанның тарихи, мәдени, ұлттық және діни дәстүрлерін білу маңызды. Ауғанстан халқының тарихында соғыстар мен күйзелістер аз болған жоқ. Қазіргі кезде де бұл ел қайғы-қасіреттен арыла қойған жоқ. Тарихи себептерге байланысты Ауғанстаннан келген тыңдаушылардың ұлттық құрамы да әркелкі: олардың басым бөлігі пуштундар, сондай-ақ олардың арасында хазаралар, өзбектер, түркімендер, тәжіктер және

т.б. ұлт өкілдері бар. Сонымен, ауған тыңдаушыларының менталитетін, діни (мұсылмандық) дәстүрлерін, әр түрлі мәдениеттердің әсерімен қалыптасқандығын ескеру қажет.

Негізінен, ауған тыңдаушыларымен жұмыс істеу әрбір оқытушының қызығушылығын тудырады. Ауған тыңдаушылары көпшіл және ерекше қонақжайлылықтарымен айрықшаланады. Өзге елде білім алып жүргеніне қарамастан, ауған жастары өз елінің айнымас патриоттары деуге болады. Сондықтан да ауған тыңдаушыларымен жұмыс істегенде әрбір оқытушы ауған халқының тарихына, мәдениеті мен дәстүріне, діни көзқарастарына құрметпен қарауды естен шығармауы тиіс.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде дайындықтан өтетін шетелдік қазақ диаспорасы өкілдерін әлеуметтік және тілдік ортаға бейімдеудің өз ерекшеліктері бар.

Профессор М. Нәбижан қазақ диаспорасы өкілдерін үш түрлі әлеуметтік ортадан келгендер деп бөліп қарастырады. Бірінші топқа бұрынғы Кеңес Одағы республикаларынан келген тыңдаушыларды, оған Моңғолиядан келгендерді; екінші топқа Түркия, Иран сияқты мемлекеттерден келген тыңдаушыларды; үшінші топқа Қытайдан келген тыңдаушыларды жатқызады.

Бірінші топтағы тыңдаушылар бұрынғы кеңестік саяси-экономикалық және мәдени ортада қалыптасқан отбасында туып-өсіп, кириллицамен білім алып, орысша сауат ашқандықтан, Қазақстандағы әлеуметтік ортаны жатырқамай, тіл-жазудан онша қиналмайды. Екінші топтағы Ираннан, Түркиядан келген тыңдаушылар кириллицаны, орыс тілін мүлдем білмейді. Қытайдан келген тыңдаушылар да қытай және ағылшын тілдерін оқып, қазақ тілін төте жазу арқылы оқып үйренгендіктен, Қазақстанда қолданылатын кириллица жазуын, орыс тілін білмейді. Сондықтан, да соңғы екі топтағы тыңдаушылардың әлеуметтік және тілдік ортаға бейімделуі қиынырақ соғады. Біздің университетке дайындыққа келетін тыңдаушылардың басым бөлігін Қытайдан келген қазақ диаспорасы өкілдері құрайды.

Жалпы, шетелден келген тыңдаушылардың жоғары оқу орнында әлеуметтік-мәдени бейімделуін жүзеге асыру үшін қажетті педагогикалық жағдай жасау мәселесі куратор-эдвайзерлер институтының тәрбие жұмыстары шеңберінде оң шешімін табады. Әрбір куратор-эдвайзер өз топтарында кураторлық сағаттар өткізіп, онда тыңдаушыларды оқу жүйесімен, университеттің тарихымен және дәстүрімен, жатақханада тұру ережесімен таныстырады, оқу орнында өзін қалай ұстау керектігі жайлы, жеке бас тазалығы мен денсаулық күтімі, жол жүру ережелері туралы және т.б. тақырыптарда әңгіме-сұқбат өткізеді. Ол әрбір тыңдаушының жатақханаға тіркелуіне, кітапханадан қажетті оқулықтарын алуына, емханаға, құжаттамалары бойынша басқа да құзырлы органдарға баруы кезінде де көмектесіп отырады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде куратор-эдвайзерлер институтының көпжылдық тарихы бар және ол студенттердің оқу және тұрмыстық жағдайына оңтайлы жағдайлар жасауға байланысты міндеттер кешенін шешуге бағытталған оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен басқару формаларының бірі болып табылады.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіндегі куратор-эдвайзерлердің шетелден келген тыңдаушылармен жүргізетін тәрбие жұмысы жүйесі айрықша тән міндеттер кешенін қамти отырып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тәрбие жұмысы тұжырымдамасын келесідей маңызды міндеттермен толықтырып, кеңейтеді:

1. Шетел азаматтарының университеттің оқу-тәрбие үдерісіне толыққанды қатысуы үшін жағдай жасау.

2. Шетелдік білім алушылардың жаңа әлеуметтік-мәдени орта мен оқу жағдайына бейімделуі.

3. Оқу тиімділігі мен әлеуметтік-мәдени бейімделу үдерісінің нәтижелігін арттыру үшін тілдік орта жасау.

4. Шетел азаматтарын ұлтына қарай кемсітушілікке жол бермеу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Университеттің басқа факультеттерінен айырмашылықта жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде куратор-эдвайзер 1 жыл мерзіміне тағайындалады. Ауған тыңдаушылары мамандықтары бойынша топтарға бөлініп, оларға куратор-эдвайзер бекітіледі. Бұл ретте топ кураторына айрықша міндеттер жүктеледі. Куратор-эдвайзер сабақтан тыс тәрбиелік бағыттағы және жана ортаға бейімдеуге байланысты жұмыстарды қарқынды түрде жүргізіп отырады.

Әлеуметтік-мәдени бейімдеу жұмыстары мен куратор-эдвайзер алдында тұрған міндеттер кешенін орындау ұдайы төмендегідей негізгі бағыттар шеңберінде жүргізіледі:

- шетелден келген тыңдаушыларды университеттің тарихымен, дәстүрлерімен, құрылымымен, Жарғысымен, студенттің кодексімен, оқу ғимараттарында өзін ұстау мен жатақханада тұру ережелерімен таныстыру мақсатында жиналыстар өткізу;
- шетелдік тыңдаушылардың медициналық тексеруден өтуін ұйымдастыру жұмыстары;
- шетелден келген тыңдаушылардың ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) мен СТТН (салық төлеушінің тіркеу нөмірін), шәкіртақы карточкасын алуына тікелей атсалысу;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға және теріс мінез-құлықтардың алдын алуға бағытталған жұмыстар;
- шетелдік тыңдаушылардың ғылыми шығармашылығын дамыту.

Шетелдік тыңдаушыларға әлеуметтік және психологиялық қолдау көрсету мақсатында жатақханада кезекшілік ету жүйесі жасалған. Бекітілген кестеге сәйкес әрбір куратор-эдвайзер жатақханада кезекшілік етеді. Кезекшілік барысында оқытушылар тыңдаушыларды жатақханада тұру ережелерімен, өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстырып, бөлме мен жеке бас тазалығы туралы сұқбаттар жүргізеді.

Кураторлық сағаттар тыңдаушылармен жұмыс істеудің негізгі түрі болып табылады. Кураторлық сағаттар әр топта кестеге сәйкес өткізіледі.

Кураторлық сағаттардың тақырыптары тәрбие жұмысының негізгі бағыттары шеңберінде түрленіп отырады. Мәселен, еңбек тәрбиесі (маман қалыптастыру), азаматтық тәрбие (азаматты қалыптастыру), рухани-адамгершілік тәрбие.

Кураторлық сағаттар арқылы тыңдаушылар жаңа ортаға дұрыс бейімделіп, өздері білім алып жатқан университеттің, факультеттің бай тарихымен, дәстүрімен танысады. Кураторлық сағаттардың тақырыптық жоспары бір семестрге құрастырылып, олардың өтуі туралы есептер дайындалады.

Факультетте өткізілетін кураторлық сағаттардың шамамен алынған тақырыптарын ұсынамыз

1	«Жатақханада және оқу ғимаратында өзін-өзі ұстау ережесі»	
2	Әдептілік әліппесі	Әдептілік туралы түсінік беру
3	«Рухани-адамгершілік және ұлттық құндылықтар»	
4	«Заманауи Қазақстан»	Тәуелсіздік күніне орай
5	«Алматы - оңтүстік астана»	Алматы қаласының тарихымен таныстыру
6	«Әлемге ортақ мереке»	Жаңа жыл мерекесін тойлау дәстүрімен таныстыру
7	«Дені саудың – жаны сау»	Салауатты өмір салтын насихаттау
8	«Темекі тартқаның - өзінді құртқаның»	Зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға баулу, темекі шегудің денсаулыққа қауіпті екендігі туралы мағлұмат беру
9	«Ашу –дұшпан, ақыл – дос»	Ұстамдылық пен сабырлыққа тәрбиелеу
10	«Менің тобым – менің ұжымым»	Тыңдаушылардың ұжымдық қарым-қатынасын нығайту, достықты насихаттау

11	«Табиғат – асыл қазына»	Табиғатты аялауға, қорғауға баулу және қоршаған ортаны ластанудан сақтауға тәбиелеу
12	«Ана - ардақты есім»	Халықаралық 8 Наурыз мерекесіне орай
13	«Наурыз мерекесі»	Наурыз мерекесі туралы әңгімеленеді
14	«Кәсіптің жаманы жоқ»	Тыңдаушылардың болашақ мамандықтары туралы әңгіме-сұқбат
15	«Спорт – денсаулық кепілі»	Дене тәрбиесіне, салауаттылыққа дағдыландыру
16	«Татулық пен келісім»	Төзімділік пен сыйластық туралы әңгімелеу
17	«Өнеге отбасынан»	Отбасы жарастығы, татулығы, сыйластығы туралы түсіндіру
18	Дайындық бізге не берді?	Факультетте оқып жүрген кездегі алған әсерлері туралы сұқбаттасу

Шетелдік тыңдаушылар факультетке жаңадан келген кезінде «Қазақстанға қош келдің!» атты Ашық есік күні шарасын өткізу дәстүрге айналған. Бұл шараға АИР-дан келген тыңдаушылар мен оралман тыңдаушылар, бұрын оқып кеткен тыңдаушылар тартылады, елшіліктерден өкілдер шақырылады. Жыл сайын өтетін осы шара тыңдаушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға, әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуіне, жастар арасында халықаралық мәдениетке толеранттылық қатынасты тәрбиелеуге ықпал етеді. Сонымен қатар, «Жыр мүшәйрасы», «Тәуелсіз Қазақстан», «Жаңажылдық думанды кеш», «Баршаға ортақ мереке», «Қош келдің, әз-Наурыз!», «Қоштасу кеші» сияқты факультет көлеміндегі дәстүрге айналған іс-шаралар мен спорттық жарыстардың ауған тыңдаушылары мен оралман тыңдаушылары арасында өткізілуі де әлеуметтік-мәдени бейімдеу үдерісінің қарқынды өтуіне септігін

тигізеді. Осы ретте шетелдік тыңдаушылар арасында түрлі спорттық ойындар, атап айтсақ, футбол, волейбол, баскетбол сияқты спорт ойындары түрлерінен жарыстар өткізетін спорт үйірмелерінің жұмысын ұйымдастыру маңызды.

Аудиториядан тыс мәдени шаралардың (кино және драма театрларындағы қойылымдар, түрлі қоғам, өнер қайраткерлерімен кездесулер, қазақша концерттер т.б), қаланың көрікті жерлеріне, мұражайларға саяхат жасау сияқты іс-шаралардың барлығы да шетелден келген тыңдаушыларды әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеуге өз ықпалын тигізеді. Осы тұста факультетте танымдық саяхаттарды ұйымдастыратын «Өлкетану» клубының жұмысын ерекше атап өткен жөн.

Факультетте шетелдік тыңдаушылардың ғылыми шығармашылығын дамыту мақсатында оқу жылының екінші жартысында тыңдаушылар арасында «Жер – біздің ортақ үйіміз», «Ғылыми таным және ізденіс» атты халықаралық студенттік ғылыми конференциялар ұйымдастыру дәстүрге айналған. Осы конференцияларда тыңдаушылар оқытушылардың ғылыми жетекшіліктерімен алғашқы ғылыми ізденістерін айқындайды, ғылыми шығармашылықпен танысады. Осы тұста шетелдік тыңдаушыларға тілдік кедергіні жеңе отырып, көпшілік алдында сөз сөйлеу мәдениетін меңгеруге тура келеді. «Жер – біздің ортақ үйіміз», «Ғылыми таным және ізденіс» атты халықаралық студенттік ғылыми конференциялардың қорытындысы бойынша ең үздік деген тыңдаушылар университет көлемінде өтетін жас ғалымдар мен студенттердің «Ғылым әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясына қатысуға жолдама алады.

Жалпы конференция жұмыстарына ауған тыңдаушылары мен оралман тыңдаушылары Қазақстанның жергілікті студенттерімен бірге қатысады. Конференция жұмысын қорытындылауда шетелдік тыңдаушылар мен жергілікті студенттердің мүмкіндіктері ескеріле отырып, ауған тыңдаушылары арасында жеке орындар, оралман тыңдаушылары мен жергілікті студенттер арасында жеке орындар беріліп, марапатталады.

Конференцияларда ауған тыңдаушылары практикалық мәдениетаралық коммуникацияға түсіп, жаңа ортаға, лингвомәдениет тасымалдаушыларына қатысты көзқарастары қалыптасып, қарым-қатынас үдерісіндегі қиындықтарды еңсеруге талпынады. Практикалық коммуникация үдерісінде тілдік бейімделу үдерісі қарқынды жүреді. Тілдік бейімделуден өтпеген шетелдік тыңдаушылар жана әлеуметтік ортаның кері әсерін жеңуі қиын немесе жеңе алмай, оқуға, таңдаған мамандығына деген қызығушылығын жоғалтады.

Факультеттегі тәрбие жұмысы жоспарының үлгісін ұсынамыз

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы

Мамандығы _____

№ _____ топ куратор-эдвайзердің 201_ -201_ оқу жылына арналған тәрбие жұмысы жоспары

№ _____ топ куратор-

эдвайзері _____

Тәрбие жұмысында жетекшілік ететін негізгі құжаттар:

1. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жылдарға арналған даму бағдарламасы
2. Университеттің тәрбие жұмысы жөніндегі тұжырымдамасы
3. Факультеттің тәрбие жұмысы жөніндегі тұжырымдамасы
4. Куратор-эдвайзерлер туралы ереже
5. Кафедраның тәрбие жұмысы жоспары

р/н	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Топ жиналыстарын өткізіп, сабақ үлгерімін, тәртібін қадағалап тұру	Жыл бойы	Топ куратор-эдвайзері
2	Жатаханаға барып тыңдаушылармен әңгіме өткізіп және бөлме тазалықтарын тексеру	Жыл бойы	Топ куратор-эдвайзері
3	Топты демалыс орындарға апару (Мега орталық, кино т.б.)	Қараша	Топ куратор-эдвайзері
4	Топты ҚазҰУ мен ҚҰ мұражайларына апару	Желтоқсан	Топ куратор-эдвайзері
5	Тәуелсіздікке арналған «Заманауи Қазақстан» атты әдеби-музыкалық кеш өткізу	Желтоқсан	Топ куратор-эдвайзері
6	«Әлемге ортақ мереке» атты жаңажылдық мерекелік кеш өткізу	Желтоқсан	
7	Топты М.О.Әуезов атындағы драма театрына және балет немесе опера театрына апару	Қаңтар	Топ куратор-эдвайзері
8	«Дені саудың – жаны сау» атты салауатты өмір салтын насихаттауға арналған сұқбат өткізу	Ақпан	Топ куратор-эдвайзері
9	«Наурыз – жыл басы» мерекесін өткізу	Наурыз	Топ куратор-эдвайзері

10	«Менің мамандығым» атты куратор сағатын өткізу	Сәуір	Топ куратор-эдвайзері
11	Ғылыми конференцияларға қатысу	Сәуір	Топ куратор-эдвайзері
12	Қаладан тыс жерлерге саяхат жасау	Мамыр	Топ куратор-эдвайзері
13	Ұлы Жеңіс күніне арналған мерекелік іс-шараға қатысу	Мамыр	Топ куратор-эдвайзері
14	Сенбілікке, қала, көше тазалығына, апталықтарға қатысу	Жыл бойы	Топ куратор-эдвайзері
15	Бітіру кешіне қатысу	Мамыр	Топ куратор-эдвайзері

№... топ куратор-эдвайзері

Аға куратор-эдвайзер

2 Әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеудің инновациялық үрдістері

Соңғы кездері білім беру инновациясы туралы жиі сөз қозғалуда. Шығармашылықты дамытуды, ойдың жаңашылдығын білім берудегі инновацияларсыз, әсіресе, оң әлеуметтік кеңістік жасайтын оның заманауи құрамдастарын жүзеге асырусыз, тәрбие берудегі инновациялар туралы көзқарастарды зерттеусіз елестету мүмкін емес.

Жеке тұлғаның әлеуметтенуі білім берудің қазіргі маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Жеке тұлғаның әлеуметтену үдерісі тұлғаның қоғамға бейімделуін, сонымен бірге қоғамға, өзін-өзі дамытуына, өзін-өзі тануына кедергі келтіретін өмірдің келеңсіздіктеріне белгілі бір дәрежеде қарсы тұра білу қабілетін білдіреді.

Тәрбие берудегі инновациялар дегеніміз – бұл білім беру қызметкерлерінің тәрбие жұмысы шеңберінде ұйымдастыратын және өткізетін жаңа енгізілімдері. Тәрбие берудегі инновациялар деп жас ұрпақ бойында адамгершілік-әдептілік, әлеуметтік құндылықтарды дамытуға ықпал ететін жаңа (жаңартылған немесе жақсартылған) әлеуметтік-мәдени ұзақ мерзімді бастаманы айтуға болады. Бұл жаңашылдықты енгізетін кеңістікті, шығармашылық-әлеуметтік ортаны, тәрбие беру технологиясын білдіреді.

Тәрбие берудегі инновациялар – бұл тыңдаушылардың әлеуметтенуіне ықпал ететін жаңа тәрбие құралдарын қолдануға негізделген жүйелер немесе ұзақ мерзімді бастамалар. Оқу-тәрбие үдерісіне заманауи технологияларды енгізуде педагог кеңесші, аниматор, тәрбиеші қызметтерін меңгереді. Бұл одан психологиялық-педагогикалық даярлықты қажет етеді

Әрине, жоғары оқу орнына дейінгі білім беруде, әсіресе шетелдік тыңдаушыларға білім беруде инновацияларды енгізудің өзіндік ерекшеліктері бар. Десек те, әрбір педагогтің өз ісіне инновациялық тұрғыдан қарауы оқытушылардың шығармашылық әлеуеттерінің ашылуына, сондай-ақ жоғары оқу орнына дейінгі білім беру жүйесінің жұмыс тәртібінің дамуына тиімді

ықпал етеді. Инновациялар білім беру мазмұнын, оқыту мен тәрбие беру технологияларын, ұйымдастыру формаларын, басқару әдістерін қамтиды.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетіндегі дәстүрлі оқыту технологиясы танымдық қызметтің заңдылықтарына негізделген жана технологиялармен толықтырылып келеді. Оқу үдерісінде шетелдік тыңдаушы оқытудың объектісі емес, субъектісі ретінде негізгі тұлғаға айналады. Осы тұста жоғары оқу орнына даярлайтын білім беру дәстүрлі педагогикадан бейімделген педагогикаға көшуде бірнеше кезеңді бастан кешіреді:

- әрбір тыңдаушының даралық ерекшеліктеріне сәйкес білім алу қажеттіліктерін қамтамасыз ететін тұлғаға бағытталған оқыту технологиясын енгізу;

- оқу-тәрбие үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу шетелдік тыңдаушыны бейімдеуді, оның жаңа оқыту тәсіліне психологиялық даярлығын ғана қажет етіп қоймай, сондай-ақ педагогтің оқу үдерісіне көзқарасын өзгертуді талап етеді.

Қазіргі заманғы маманға қойылатын талаптардың күн сайын өзгеруі шетелдік тыңдаушыларды жоғары оқу орындарына даярлауға байланысты теориялық тәсілдер мен практикалық шешімдерді басқаша ой елегінен өткізу қажеттігін айқындай түседі. Осыған байланысты жоғары оқу орнына дейінгі білім беру мекемелерінде инновациялық қызметті кеңейту мен тереңдету, кафедралардағы оқытушы-профессорлардың жұмыс тәжірибесіне жаңа технологияларды енгізу механизмдерін әзірлеу айрықша маңызға ие. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру мен жалпы білім беру жүйесінде инновациялар мен заманауи тәжірибе алмасудың рөлі арта түсуде.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру үдерісіндегі инновациялық бағыттарға талдау жасау бірқатар төмендегідей жалпылама қағидаларды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

1. Инновациялық оқыту технологиялары қазіргі заманғы маманның кәсіби қызметін үлгілеуді (модельдеуді) білдіреді.

2. Оқу үдерісіне инновациялық мазмұн мен технологиялар сапалы енгізілген жағдайда ғана тыңдаушылардың болашақ кәсіби мамандықтарына бағдар беру мен бейімдеу мәселесінің оңтайлы шешімін табуға болады.
3. Инновациялық оқыту тәсілі арқылы күрделі оқу-тәрбие міндеттерін тиімді шешуге болады.

Шетелдік тыңдаушыларды жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеуде инновациялық ізденістерді қолдану, яғни әрбір тыңдаушының тұлғасына бағытталған тәрбие әдістерін белсенді түрде қолдану бейімдеу үдерісінің оңтайлы жүзеге асуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда білім беру мекемесі білім алушының тұлғасына бағытталған тәрбие әдістерін қолданады. Тұлғаға бағытталған тәсіл инновациялық білім беру стратегиясында өз шешімін табады. Мәселен, дәстүрлі оқыту әдістері мен тәсілдерін алмастыруға қолданылатын белсенді оқыту тәсіліне жататын әлеуметтік-психологиялық тренингтерде кеңінен қолданылады.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының жұмыс тәжірибесінде тұлғаға бағытталған тәрбие беру бірқатар іс-шаралар арқылы көрініс табады. Осы тұста куратор-эдвайзер топтағы шетелдік әрбір тыңдаушы туралы, оның қызығушылықтары мен қабілеттері туралы, отбасы туралы, келген жері туралы мәліметтер базасын жасап, олардың әрқайсысына психологиялық-педагогикалық мінездеме береді. Осыған сәйкес тәрбие үдерісінде әрбір тыңдаушының тұлғасына бағытталған тәсіл белсенді түрде қолданылады. Әсіресе тәрбие беру кеңістігіне ерекше назар аударылады. Мәселен, тыңдаушылардың жеке қызығушылықтары бойынша түрлі клубтарға, спорт үйірмелеріне қатысуына, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға жағдай жасалынған. Осы ретте тыңдаушылар түрлі мәдени-көпшілік іс-шараларға, ғылыми конференциялар мен байқауларға қатысу арқылы өздерінің қабілеттерін ашып, оны дамыту мүмкіндігіне ие болады.

«Тыңдаушыларға білім бере отырып, тәрбие беру, тәрбиелей отырып, білім беру» оқу-тәрбие үдерісінің басты құндылығы болып табылады. Тәрбие беру ісін жүйелі жүргізгенде ғана оның тиімділігі арта түседі. Студенттің жеке тұлғасы – педагогтің басты құндылығы мен негізгі нысаны. Педагогтің шығармашылығы педагогикалық мәдениетінің маңызды белгісі болып табылады.

Әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеудің инновациялық тәсілдерін куратор-эдвайзер кураторлық сағаттарды өткізуде қолдануына болады. Олар төмендегідей формаларда көрініс табады:

Пікірталас, диспут, дебаттар (топ екіге бөлініп, олардың өкілдері аталмыш мәселеге байланысты қарама-қарсы ұстанымды қорғай отырып, пікірлерін білдіреді, мұндай формалар тыңдаушыларды түрлі мәселелерді талқылауға тартады, басқалардың пікірлерін түсініп, оларды тыңдай білуге, өз көзқарасын жақтауға үйретеді).

Рөлдік ойындар (проблемалық жағдай қысқаша ойнатылады, содан соң тыңдаушылар оны талқылап, талдау, тұжырым жасау мүмкіндігіне ие болады; мұндай форма проблеманы дұрыс түсініп, қандай да бір рөлді ойнай отырып, сезінуіне көмектеседі).

Тақырыптық дәріс (темекі шегу, нашақорлық, денсаулық сияқты тыңдаушылар үшін маңызды тақырыптар ашып көрсетіледі; сонымен қатар дәрістер мәдениет, дәстүрлер, белгілі тұлғалардың өмірбаяндары туралы танымдық сипатта болуы мүмкін).

Саяхаттар (тыңдаушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру).

Саяхат ойындары (ойын түрінде тыңдаушылардың дүниетанымын кеңейтуге ықпал етеді).

Тренингтер (белгілі бір сценарийлерді ойнау арқылы тәжірибеде пысықтай отырып, тыңдаушыларды қандай да бір жағдайда өзін дұрыс ұстауына баулиды).

Жоғарыда аталғандар белсенді куратор сағаттарын өткізу формалараның толық тізімі емес. Ең бастысы тыңдаушы үшін кураторлық сағат қызықты болып, кураторлық сағаттың өз мақсатына жетуі маңызды.

Сонымен, оқытушы өз педагогикалық қызметіне инновациялық өзгерістер енгізуді меңгере отырып, кәсіби тұрғыдан білімін жетілдіре түсіп, шетелдік тыңдаушылармен тұлғааралық және білім беру қатынастары саласында өзара байланысын сапалы түрде жақсартады. Ал, бұл өз кезегінде жоғары оқу орнына дейінгі білім беру мекемесінің, жалпы білім беру жүйесінің инновациялық дамуын қамтамасыз етеді.



ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік тұғырым» атты
әдеби-музыкалық кеш



М. Мақатаевтың туған күніне арналған «Мен өмірді жырлау үшін келгенмін» атты жыр кеші



Ауған тыңдаушылары ҚР Орталық мемлекеттік мұражайында



Медеу спорт кешені мен Есік қаласына жасалған саяхаттар



Жаңажылдық думанды кеш



Кездесуде



М.Әуезов атындағы мемлекеттік академиялық драма театрында



Жатақханадағы «Көктем аруы» байқауы



Факультеттегі дәстүрлі «Жер – біздің ортақ үйіміз» халықаралық конференциясы



Факультеттегі «Дені саудың жаны сау» спорт клубы



Ауған тыңдаушылары жалпы қалалық сенбілікте

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру сапасын жетілдіру, шетелдік студенттерді жаңа әлеуметтік-мәдени ортада білім алуға бейімдеу үдерісін ұйымдастыру білім беру саласындағы саясаттың ажырымас бір бөлігі болып табылады. Білім беру үдерісінде шетелдік тыңдаушыларды (студенттерді) жаңа ортаға бейімдеу мәселесін тиімді шешу еліміздің әлемдік интеллектуалдық және саяси қауымдастығында оң имиджін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Шетелдік тыңдаушыларды жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу ерекшелігі олардың ұлттық-этникалық, әлеуметтік-мәдени және психологиялық ерекшеліктеріне, олардың жалпы және кәсіби мамандық бағытына байланысты. Сонымен қатар, шетелдік тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату үдерісінде олардың тұлғалық ерекшеліктері ескеріліп, куратор-әдвайзерлер мен тыңдаушылар арасындағы қарым-қатынас психологиялық-педагогикалық негізде құрылуы маңызды.

Жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу үдерісі оқу қызметі шеңберінде жүреді. Ал оқудан тыс өткізілетін тәрбиелік іс-шаралар осы үдерісті жеделдетуге ықпалын тигізіп, шетелдік тыңдаушылардың тілдік және әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін қалыптастырады.

Сонымен, шетелдік тыңдаушыларды жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеуде дәрісханадан тыс өткізілетін шаралардың маңызы зор. Осы ретте ауған тыңдаушыларын қазақ тілін жақсы меңгерген оралман тыңдаушылары мен жергілікті студенттермен бірлесе өткізетін іс-шараларға кеңінен тарту оң нәтиже береді. Бұл ауған тыңдаушыларының тілді меңгерудегі білімдерін тәжірибеде қолданып, шыңдай түсуіне мүмкіндік береді.

Шетелдік тыңдаушыларды жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеуде инновациялық ізденістерді қолдану, яғни әрбір тыңдаушының тұлғасына бағытталған тәрбие әдістерін белсенді түрде қолдану бейімдеу үдерісінің оңтайлы жүзеге асуына ықпал етеді. Жалпы әрбір куратор-әдвайзер шетелдік

тыңдаушыларды жаңа әлеуметтік мәдени ортаға бейімдеу үдерісіне шығармашылықпен қарап, ұдайы ізденісте болуы тиіс.

Дәрісханадан тыс шараларды ұйымдастыруда жүйесіздікке жол беруге болмайды. Шетелдік тыңдаушылардың жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу үдерісін оңтайлы ұйымдастыруда орталықтандырылған жұмыс қажет.

Бейімдеу үдерісі мен тәрбие қызметінің сапасын арттырып, оны мақсатты түрде дамыту үшін ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз ету бойынша бірқатар жұмыс атқару қажет.

Аталмыш жұмыстың негізгі бағыттары:

- тәрбие жүйесінің әдістемелік кешенін әзірлеу;
- жеке тұлғаның дамуы мен оның әлеуметтік бейімделу үдерістеріне психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау көрсетудің бағдарламалық-әдістемелік кешенін әзірлеу;
- тыңдаушыларды бейімдеу мәселесі бойынша жиі конференциялар, семинарлар, проблемалық талқылаулар өткізу.

Қорыта келгенде, шетелден келген тыңдаушыларды әлеуметтік-мәдени бейімдеу мәселесін шешуде аталмыш тәрбиелік іс-шараларды мақсатты түрде жоспарлау тиімді және оны жүзеге асыратын куратор-эдвайзерлер институтының педагогикалық және психологиялық қызметін реттеуші және үйлестіруші орталық құру құптарлық жайт.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1 Шетелден келген тыңдаушыларды жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеу үдерісі.....	5
2 Әлеуметтік-мәдени ортаға бейімдеудің инновациялық үрдістері.....	16
Қорытынды.....	27

Оқу-әдістемелік басылым

Абдуллаева Жібек Тұрарқызы

**ШЕТЕЛДІК ТЫҢДАУЫЛАРДЫ ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ОРТАҒА
БЕЙІМДЕУ**

Әдістемелік нұсқау

Пішімі 60x84 1/16.

Қаріп түрі «Times New Roman»

Қағазы офсеттік. Көлемі 1,875 б.т.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспасы.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.